

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 3 ақпандағы N 182 және 2002 жылғы 8 тамыздағы N 884 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 18 тамыздағы N 820 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 7 сәуірдегі № 185 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 07.04.2016 № 185 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Қылмыстық-атқару жүйесінің мемлекеттік мекемелері ұсынатын қызмет көрсетулер мен тауарларды сатудан түскен қаражатты пайдаланудың ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 3 ақпандағы N 182 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 6, 59-құжат) :

көрсетілген қаулымен бекітілген Қылмыстық-атқару жүйесінің мемлекеттік мекемелері ұсынатын қызмет көрсетулер мен тауарларды сатудан түскен қаражатты пайдаланудың ережесінде:

7-тармақтағы "табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі аумақтық (уәкілетті) органдардың келісімі бойынша" деген сөздер "заңнамада белгіленген тәртіппен" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.04.04. N 262 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*